



« ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТИ» КЕАҚ

«БЕКІТЕМІН»

Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда университетінің
басқарма төрағасы - Ректор

Б.С.Каримова

2024 ж.



**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма
төрағасы – ректорының гранты аясында ғалымдардың ғылыми
зерттеулері конкурсын өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

Қызылорда, 2024

**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма
төрағасы-Ректорының гранты аясында ғалымдардың ғылыми
зерттеулері конкурсын өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1.1. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма Төрағасы – Ректорының (әрі қарай – Конкурс) гранты аясындағы ғалымдардың ғылыми зерттеулері Конкурсының мақсаты-университетте ғылымды дамытуға жағдай жасау, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін (әрі қарай – ҒҒТҚН) коммерцияландыру, сондай-ақ жас ғалымдарды ынталандыру болып табылады.

1.2. Осы Ереже арқылы профессор-оқытушылар құрамының перспективалық жобаларын және жас ғалымдардың ғылыми зерттеулерін жалғастыру үшін Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма Төрағасы-Ректорының грантын (әрі қарай - грант) ұйымдастыру және грант беру тәртібі реттеледі.

1.3. Конкурсқа университеттің штаттық қызметкерлері, 1,2 курс докторанттары қатысуға құқылы. Жас ғалымдарға тағайындалатын грантқа үміткерлердің жас шамасы өтініш беру кезіндегі жасын қоса есептегенде - 40 (қырық) жас.

2. ГРАНТТЫҢ ТАҒАЙНДАЛУ МАҚСАТЫ

2.1. Гранттың жалпы сомасы - 20 млн. теңге.

2.2. Грант ғылыми зерттеулерді жүзеге асыруға немесе коммерцияландыру жобасын іске қосуға, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған құрылғыларды (компоненттерді), құралдарды, жабдықтарды сатып алуға; реактивтерді сатып алуға, зертханалық зерттеулерді жүргізуге; өнертабысқа, пайдалы модельге, өнеркәсіптік үлгіге, селекциялық жетістіктерге патент алуға және авторлық куәлік алуға, IT-жобасын құруға, Web of Science мәліметтер базасына енгізілген ҚР Ғылым және жоғарғы Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда мақала жариялауға (Q1-Q4 Science Citation) Index Expanded, Social Science Citation Index, Arts and Humanities Citation Index) және Scopus (CiteScore бойынша кемінде 25 перцентиль), монографияның жариялануына және т.б. беріледі.

2.3. Грант зерттеу кезінде кеткен шығындарды өтеу мақсатында бөлінетін болады.

3. НОРМАТИВТІК БАЗАСЫ

Ереже келесі құжаттарға сәйкес әзірленді:

- «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 103-VIII Заңы;

- «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 10 маусымдағы №6-І Заңы;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №727 қаулысымен бекітілген «Цифрландыру, ғылым және инновация есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасы;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы;
- «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ-ның 2023-2029 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары.

4. КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ ТӘРТІБІ

4.1. Конкурсты ұйымдастырушысы - Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің ғылым департаментінің коммерцияландыру бөлімі (бұдан әрі – ұйымдастырушы) болып табылады.

4.2. Ұйымдастырушы:

- конкурс өткізуді қамтамасыз етеді: конкурсқа қатысуға өтінімдер қабылдайды; конкурсқа қатысушыларға конкурстық құжаттаманы дайындау және толтыру мәселелері бойынша кеңес береді; конкурсқа қатысушылардан келіп түскен өтінімдерді жинайды және тіркейді;

- «Антиплагиат» жүйесі арқылы өтінімдерді тексеруді жүзеге асырады;

- конкурстық комиссияның қорытынды хаттамасы негізінде грантты тағайындау туралы бұйрық дайындайды.

4.6. Конкурстық комиссия:

- ұйымдастырушы ұсынған өтінімдерді қарайды;

- конкурс жеңімпаздарын анықтайды.

4.7. Ұйымдастырушы конкурс комиссиясының алдында қатысушылардың жобаларының (таныстырылымын) тікелей таныстыру тыңдалымын өткізеді.

4.8. Конкурстық комиссия: қатысушылардың өтінімдерін қарайды; осы Ереженің 2-қосымшасында көрсетілген өлшемшартқа сәйкес конкурс жеңімпаздарын айқындайды.

4.9. Ең көп ұпай санын жинаған 10 (он) қатысушы жеңімпаз болып саналады.

4.10. Конкурс нәтижелері бойынша көтермелеудің келесі түрлері қарастырылған:

- конкурс жеңімпаздарына грант сомасы көрсетілген сертификат және диплом табыс етіледі;

- өзге қатысушыларға арнайы диплом беріледі;

- Докторанттардың ғылыми жетекшілеріне Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма Төрағасы-Ректорының алғыс хаты тапсырылады.

4.11. Конкурстық комиссияның шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданып, хаттамамен рәсімделеді.

5. КОНКУРСҚА ҚАТЫСУҒА ӨТІНІМДЕРДІ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

5.1. Конкурсқа қатысушылар Ұйымдастырушыға келесі құжаттарды ұсынады:

- Конкурсқа өтінім осы Ереженің 1 қосымшасына сәйкес нұсқада электрондық және қағаз түрінде беріледі;

- осы Ереженің 2-қосымшасына белгіленген ұсынылатын жобаны ресімдеуге қойылатын талаптарға сәйкес безендірілген электронды түрде (pdf. нысанда) жобаның таныстырылымы;

- докторанттың ғылыми кеңесшісінің ұсыныс хаты (орыс немесе қазақ тілдерінде).

5.2. Қатысушылар конкурс құжаттарын «Ректор грантын тағайындауға конкурсқа» деген файл атауымен жазып korkyt.otdelnauki@mail.ru электронды поштасы арқылы, сондай-ақ ғылым департаментінің коммерцияландыру бөліміне бас әкімшілік ғимараты, Әйтеке би көшесі, 29А, 3 қабат, 319 кабинетке қағаз түрінде де ұсынады.

5.3. Конкурсқа қатысушы өтінімді конкурсқа жібере отырып, сол арқылы конкурсқа ұсынылған жобада коммерциялық, мемлекеттік және (немесе) өзге де құпияны құрайтын мәліметтер жоқ екенін растайды және ол бойынша конкурсты ұйымдастырушыға (оның ішінде жобаны бұқаралық ақпарат құралдарында, баспа басылымдарында, интернет желісінде орналастыру арқылы) ақпарат беруге өзінің келісімін береді).

5.4. Өтінімдер веб-сайтта және университеттің әлеуметтік желілердегі парақшасында конкурс жарияланған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде қабылданады.

5.5. Өтінімдер: осы Ереженің 5.1-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасы уақтылы және (немесе) толық ұсынылмаған немесе осы Ереженің 5-тармағында көрсетілген шарттарға сәйкес келмеген жағдайда конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

5.6. Қатысушылардың конкурстық өтінімдерін конкурсты ұйымдастырушылар конкурстық өтінімдерді тіркеу журналында өтінім берген тұлғаның Т.А.Ә., құрылымдық бөлімшесі, құжатты берген күні мен уақыты, құжаттарды ұсынған тұлғаның қолын көрсете отырып тіркейді.

6. ГРАНТТЫ ИГЕРУДЕ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР МЕН ЕСЕПТІЛІК НЫСАНЫ

6.1. Жеңімпаз сертификаты табысталған күннен бастап 12 күнтізбелік ай ішінде ғылыми-зерттеу жобасын жүзеге асыруға, грантты игеруге болады.

6.2. Жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмысының және грантты игеру нәтижесі:

- Scopus (citescore бойынша процентиль 25-тен кем емес), Web of Science (Q1-Q4 Science Citation Index Expanded, Social Science Citation Index, Arts and Humanities Citation Index) базаларына кіретін Халықаралық ғылыми басылымдарда кемінде 1 мақала (article, review) жариялау;

- ғылыми зерттеулердің негізгі нәтижелерін жариялау үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары

білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған тізбеге кіретін басылымдарда кем дегенде 2 мақала жариялау;

- университеттің ресми сайтында (кемінде 1 рет), университеттің әлеуметтік желілерінде (кемінде 2 рет), сондай-ақ ұлттық және/немесе өңірлік БАҚ-та (кемінде 1 рет) жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері туралы хабарлама;

- немесе зияткерлік меншікке қорғау құжатымен расталған дайын өнімді өндірудің немесе алудың инновациялық технологиясы (авторлық куәлік / патент);

- немесе ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобасын өндіріске енгізу, университетке халықаралық жобаны (жобаның басшысы/бірлескен басшысы ретінде) не ғылыми және талдамалық қызмет саласында қызметтер көрсетуге арналған шартты тарту, зияткерлік меншік объектісіне айрықша құқықтарды беру лицензиялық шартын және (немесе) шартын немесе ФТҚН-ны кемінде 2 млн. теңге сомаға жасасу немесе халықаралық патент алу;

- немесе ғылыми монографияны, кітаптың тарауын (бөлімін) Springer Nature, Elsevier, Wolters Kluwer, Taylor&Francis, Wiley Blackwell, SAGE, BRILL, IEEE, Emerald, KARGER, OXFORD University Press, BENTHAM SCIENCE ENTERSCIENCE publishers, Cambridge University Press, CRC Press, Degruyter, Edward Elgar Publishing, John Wiley & Sons, McGraw Hill, Palgrave Macmillan, Peter Lang, Prentice Hall, Routledge, Sage Publications баспасы, немесе ЖЖОКБҰ Academic Ranking of World Universities, Times Higher Education немесе US News Best Global Universities Rankings бас рейтингінің топ-100 баспаларында жариялау.

Осы нәтижелерден басқа грант алушы конкурсқа қатысуға өтінімде көрсетілген зерттеу нәтижелерін («жобадан күтілетін нәтижелері») ұсынуы тиіс.

6.3. Басылымдар міндетті түрде университеттің ресми атауын қатар көрсетуі керек:

- қазақ тілінде: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті;
- орыс тілінде: Кызылординский университет имени Коркыт Ата;;
- ағылшын тілінде: «Korkyt Ata Kyzylorda University».

6.4. Жүргізілген зерттеулердің нәтижелері туралы грант алушы ғылыми-техникалық кеңесте жылына 2 рет (жарты жылда 1 рет) есеп береді, ал 12 ай өткен соң университеттің Ғылыми кеңесінде жобаның нәтижесін таныстырады.

Есеп университеттің Ғылыми-техникалық немесе ғылыми кеңесінің шешімі бойынша қанағаттанарлық/қанағаттанарлықсыз болып саналады.

7. КОНКУРСҚА ҚАТЫСУШЫЛАР МЕН ЖЕҢІМПАЗДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

7.1. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру жауапкершілігін грант иегерлері өздері көтереді.

7.2. Қатысушылардың төмендегідей құқығы бар:

- ұйымдастырушыдан конкурс өткізудің шарттары мен тәртібі туралы толық ақпарат алуға;

- конкурс аяқталғанға дейін кемінде екі күн бұрын өтінімді кері қайтарып алуға немесе оған өзгерістер енгізуге.

7.3. Жеңімпаздардың міндеті:

- Ғылыми-техникалық кеңес және Ғылыми кеңеске атқарылған жұмыстар туралы уақытылы есеп беру;

- бөлінген грант қаражатын нысаналы мақсаты бойынша пайдалануға.

8. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

8.1. Конкурсқа қатысушылар мен кандидаттар оларға қатысты бөлігінде конкурстық құжаттармен және комиссияның шешімімен таныса алады.

8.2. Конкурсқа қатысушылар мен кандидаттар Комиссияның шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағымдануға құқылы.

8.3. Осы Қағидаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу осы құжат қабылданған тәртіппен енгізіледі.

8.4. Осы Ережені әзірлеуші Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің ғылым департаментінің коммерцияландыру бөлімі болып табылады.

8.5. Ішкі нормативтік құқықтық актілердің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларына қайшы келуіне жол бермеу мақсатында осы Ережеге өзгеріс енгізілген өзгерістер мен толықтырулар жобасын Басқарма мүшелерімен, құқықтық қамтамасыз ету және Мемлекеттік сатып алу бөлімімен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметімен міндетті түрде алдын ала келісе отырып жүргізіледі.

8.6. Осы Ереже Басқарма отырысының шешімімен бекітіледі және Басқарма Төрағасы – Басқарма ректорының бұйрығымен қолданысқа енгізіледі.

8.7. Осы Ережені қолданысқа енгізу арқылы Басқарма Төрағасы-ректордың 11.11.2022 жылғы шешімімен бекітілген "Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма Төрағасы – ректорының грантына ғалымдардың ғылыми зерттеулер конкурсын өткізу туралы" Ереженің заңды күші жойылады.

ЕНГІЗІЛГЕН (ӘЗІРЛЕГЕН):

Коммерцияландыру
бөлімінің басшысы


қолы

Н.Б. Едилбаев

_____ күні

КЕЛІСІЛДІ:

Басқарма мүшесі – Академиялық
сұрақтар бойынша проректор


қолы

Д.М. Абдрашева

_____ күні


Басқарма мүшесі - Ғылыми
жұмыстар және халықаралық
байланыстар жөніндегі проректор


қолы

М.Ə. Бөрібаева

_____ күні


Экономика және қаржы
департаментінің директоры


қолы

Н.Ж. Уразбаев

27.10.24
_____ күні

Құқықтық қамтамасыз ету
және мемлекеттік сатып алу
басқармасының басшысы


қолы

С. М. Ильясова

24.10.24
_____ күні

Ғылым департаментінің
директоры


қолы

Н.А. Сақтағанова

_____ күні